



Қазақстан Республикасы ішкі істер, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға ақшалай төлем жасау туралы ережені бекіту <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 10 наурыз N 239. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен. ~ P020789

Ескерту. Тақырыптағы және мәтіндегі "ішкі істер" деген сөздерден кейін ", Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен. P011755_

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы ішкі істер, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға ақшалай төлем жасау туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 10 наурыздағы
N 239 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы ішкі істер, Әділет министрлігінің
қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қатардағы және басшы
құрамындағы адамдарға ақшалай төлем жасау туралы
Е Р Е Ж Е

Ж а л п ы қ а ғ и д а л а р

1. Осы Ереже бойынша ақшалай төлем ішкі істер органдарының, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамындағы мына адамдарға:

а) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппаратында, бас басқармаларының, облыстар мен Алматы және Ленинск қалалары ішкі істер басқармаларының, көліктері ішкі істер басқармалары мен бөлімдерінің аппараттарында, қалалық және аудандық басқармаларында, ішкі істер бөлімдері мен бөлімшелерінде, станциялардағы, әуе-жайлардағы және айлақтардағы ішкі істер бөлімдері мен бөлімшелерінде, милиция бөлімшелерінде, тергеу оқшаулағыштарында, Бас күзет басқармасы мен басқармаларында (бөлімдерінде, бөлімшелерінде), қалалар мен оқу орындарындағы, ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі объектілердің әскерилендірілген өрт сөндіру күзеттерінде, әскери және арнаулы жабдықтау органдарында және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің басқа да мекемелерінде қатардағы және басшы құрамында штатта қызмет атқаратындарға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің орталық аппаратындағы, облыстар басқармаларының (бөлімдерінің) аппараттарындағы, түзеу мекемелеріндегі, күзет және қадағалау бөлімдеріндегі (бөлімшелеріндегі), оқу орындары мен басқа да мекемелердегі және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің органдарындағы қатардағы және басшы құрамындағы адамдардың штаттық лауазымын атқаратындарға**

ә) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орындарында оқып жүргендерге;
б) ішкі істер органдарының не қылмыстық-атқару жүйесі органдарының

карамағындағы (резервіндегі) адамдарға төленеді.

* Ескерту: Қысқартып алу үшін одан әрі бұл органдар мен мекемелер ішкі істер органдары деп аталады.

** Бұдан әрі қысқартып алу үшін бұл органдар мен мекемелер қылмыстық-атқару жүйесінің органдары деп аталады.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен.

P011755_

2. Қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға ақшалай төлем (табысы) мыналардан:

ақшалай төлемнің айлық еңбекақысынан;
еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемеден;
айлық азық-түлік сыбағасы құнының сомасынан;
тұрақты сипаттағы өсірулерден, қосымша төлемдерден,
үстемелерден тұрады.

Ақшалай төлемінің айлық ақысы:

штаттық лауазым бойынша еңбекақыдан, соның ішінде сақталған еңбекақыдан;

арнаулы әскери атағы бойынша еңбекақысынан тұрады.

Лауазымдық еңбекақылардың артуы жаңа лауазымдық еңбекақыны құрайды.

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орындары тыңдаушылары мен курсанттарының кейбір санаттарына ақшалай төлемдердің бір түрі шәкіртақы б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органы бастығының оның номенклатурасына енетін штаттық лауазымға тағайындау туралы, қарамағына (резервіне) қосу туралы бұйрығы, оқу орны бастығының оқуға алу туралы бұйрығы ақшалай төлем жасау үшін негіз болып табылады.

4. Қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға ақшалай төлем Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген мерзімдерде төленеді.

Кезекті арнаулы әскери атақты беруге, басқа лауазымға тағайындауға, еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстеменің өзгеруіне, басқа да негіздерге байланысты қайта есептеу бойынша ақшалай төлемдер де сол мерзімде төленеді.

Қатардағы және басқарушы құрамындағы мына адамдарға: демалысқа кетіп бара жатқандарға және қызметі бойынша ауыстырылғандарға - сол ай мен келесі ай үшін, бірақ демалыс пен мереке

күндерін есептегенде, демалысқа немесе жаңа қызмет орнына кетуіне дейін үш күннен бұрын емес ;

қызметі бойынша іссапарға кетіп бара жатқандарға - сол айға, егер олар сол айдың ақшалай төлемі берілетін күнгі қызмет орнына жете алмайтын болса, демалыс пен мереке күндерін есептегенде, іссапарға кетерінен бір күн бұрын ақшалай төлемін белгіленген мерзімнен бұрын төлеуге жол беріледі.

Басқа елді мекенге көшуіне байланысты қызметі бойынша ауыстырылғанда, соның ішінде лауазымнан босатыла отырып, оқу орнына кеткенде, бұрынғы қызмет орны бойынша ақшалай төлем кадр аппаратының ұйғарымнамасында көрсетілген жаңа қызмет (оқу) орнына келген күніне дейін төленеді.

Ақшалай төлем есебіне аванс беруге рұқсат етілмейді.

5. Толық емес айға ақшалай төлем жасалғанда, күнтізбелік күнге төлем мөлшері толық айға тиесілі ақшалай төлем сомасын осы айдағы күнтізбелік күндердің санына бөлу жолымен белгіленеді.

Егер осы тармақта баяндалған ережелер бойынша ақшалай төлем жасалатын кезеңде қатардағы немесе басқарушы құрамындағы адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін бастапқы немесе кезекті үстеме, сондай-ақ ақшалай төлемдердің басқа да қосымша түрлерін алуға құқығы пайда болса, онда ақшалай төлем бұл құқық пайда болған күннен бергі уақыт үшін аталған өзгерістер есепке алына отырып төленеді .

6. Ішкі істер қылмыстық-атқару жүйесі органдары кадрлары қатарында қалдырыла отырып, Қазақстан Республикасының өкілді және атқарушы органдарына іссапармен жіберілген қатардағы және басқарушы құрамындағы адамдарға осы органдар белгілеген мөлшерде жалақы төленеді. Егер бұл органдар төлейтін жалақы іссапарға дейін алып келген ақшалай төлемнен кем болса (кезекті арнаулы атақ берілгенде - арнаулы әскери атағы бойынша еңбек ақысы мен қатардағы және басқарушы құрамдағы адамдарға лауазымдық еңбек ақыларының іссапарға жіберілгеннен кейін өсуін есепке ала отырып), онда тиісті айырмашылықты Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті төлейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Аппараты мен Министрлер Кабинетіне іссапармен жіберілген басқарушы құрамындағы адамдарға Қазақстан Республикасының Президенті Аппараты мен Министрлер Кабинетінің тиісті санатындағы қызметкерлері үшін белгіленген лауазымдық еңбекақылары, сондай-ақ арнаулы әскери атағы бойынша еңбекақылары, еңбек сіңірген жылдары проценттік үстеме және азық-түлік сыбағасының орнына ақшалай төлем төленеді. Бұл ретте оларға лауазымдық еңбекақылар мен сыйлықтар Қазақстан Республикасының Президенті Аппараты мен Министрлер Кабинетін ұстауға жұмсалатын қаражат есебінен төленеді, ал оларға тиесілі ақшалай

табыстың барлық қалған түрлерін Қазақстан Республикасының Ішкі істер
м и н и с т р л і г і ө т е й д і .

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әділет министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің кадрлары қатарында қалдырыла отырып,
басқа министрліктер мен ведомстволарға немесе оларға қарасты мекемелер мен
кәсіпорындарға іссапармен жіберілген қатардағы және басқарушы құрамындағы
адамдарға іссапарға кеткен күнінен және жаңа жұмыс орнына дейінгі жолға
кеткен уақыты үшін ақшалай төлемді ішкі істер қылмыстық-атқару жүйесі
о р г а н д а р ы т ө л е й д і .

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755
қ а у л ы с ы м е н . P 0 1 1 7 5 5 _

7. Төлем жасау сәтінде қолданылған ережелер мен нормалар негізінде осы
Ережемен белгіленген мерзімде берілген ақшалай төлем, егер оған құқығы
төленгеннен кейін жойылса, қайтарылуға жатпайды.

Берілген ақшалай төлем оны алған адамдардан ішкі істер , қылмыстық-атқару
жүйесі органы бастығының өкімі бойынша мынадай жағдайда:

қызметі бойынша ауыстырылуға ақшалай төлем жасалып, егер ауыстыру
б о л м а й қ а л ғ а н д а ;

дәлелді себепсіз қызметте болмаған уақыты үшін;
рапорт деректері ақшалай аттестатының көшірмесіне сәйкес келмеген
жағдайда өндіріліп алынуы мүмкін.

8. Ішкі істер органдары туралы Заңға сәйкес қызметті қоса атқаратын
қатардағы және басқарушы құрамындағы адамдарға қоса атқаратын қызметі
бойынша төлем нақтылы істеген уақыты үшін төленеді, бірақ ол осы қызметтегі
еңбек ақысының жартысынан аспауы тиіс (осы лауазым үшін көзделінген
еңбекақы мен коэффициенттердің арттырылуын есепке алғанда).

9. Жұмыс уақытында сағаттық төлем шартымен педагогикалық жұмыс
жүргізуіне рұқсат етілген қатардағы және басқарушы құрамындағы адамдарға
жұмыс уақытында педагогикалық жұмыс жүргізудің рұқсат етілген нормасы
шегінде қолданылатын ставкалар бойынша белгіленген тәртіппен төлем
ж а с а л а д ы .

10. Шаруашылық қызметінің нәтижелері үшін сыйлықтар беру туралы Ереже
ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қатардағы және басшы
құрамына қолданылатын Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Әділет
министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жүйесінің мекемелерінде,
ұйымдар мен кәсіпорындарда берілетін сыйлықтар сол туралы Ережелерде
көзделген лауазымдық еңбекақы (соның ішінде көтеріңкі) мөлшерінде
е с е п т е л і н е д і .

11. Қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға демалыс күндері мереке

күндеріндегі жұмысы үшін ақы Қазақстан Республикасының еңбек заңдарында көзделген жағдайларда және Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің бұйрықтары негізінде т ө л е н е д і .

Апта сайынғы демалыс күндеріндегі және мереке күндеріндегі атқарылған жұмыс қызметкердің келісуімен басқа демалыс күндерін берумен немесе ақшалай төлемнің айлық сомасына қарай екі еселенген мөлшерде ақшалай түрінде өтеліне алады .

12. Дәлелсіз себеппен қызметте болмаған (кешіккен) уақыты үшін қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға ақшалай төлем жасалмайды.

13. Қатардағы және басшы құрамындағы екіқабат әйелдер мен аналар заңдарда белгіленген барлық құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

14. Қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға тиесілі және оларға уақытылы төленбеген немесе толық төленбеген ақшалай төлем қатардағы және басшы құрамындағы адамдардың оған құқығы болған бүкіл кезеңге, бірақ толық төленбеген күнді анықтағанда немесе талап қойылғанға дейінгі үш жылдан аспайтын уақытқа төленеді .

Бұрын белгісіз болған және жеке іс қағаздарында есепке алынбаған қызмет кезеңдері (еңбек сіңірген жылдары үшін, кейбір шалғай жерлердегі қызметі үшін үстеме, шифрлау жұмысы және басқалары) үшін үстеме жөнінде расталған жағдайларда, ақшалай төлем жанадан белгіленген мөлшерінде, өткен уақыт үшін қайта есептелінбейді, есепке алынбаған еңбек сіңірген жылдарын растайтын құжаттар ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарына түскен күннен немесе оларды қатардағы және басқарушы құрамындағы адамдар тапсырған күннен бастап төленеді .

Егер қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға ақшалай төлем ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдары лауазымды адамдарының кінәсі бойынша тиісті мөлшерден кем төленіп келсе, толық төленбеген күні белгіленген немесе талап қойылған күнге дейінгі, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге ақшалай төлем бойынша қайта есептеулер жүргізіледі.

15. Төлемдердің нормалары мен тәртібін дұрыс қолданбауы салдарынан, ақшалай төлем артық немесе заңсыз төлеген жағдайда, мемлекетке келтірген зияны үшін материалдық жауапкершілік туралы қолданылып жүрген ережелерге сәйкес артық төлеуге (заңсыз төлеуге) кінәлі лауазымды адамдардан өндіріліп алынады .

Есептеудегі қателіктердің салдарынан артық берілген ақшалай төлем сомасын қайтару үшін қате есептелген сома төленген күннен кемінде бір ай мерзім ішінде осы сома алған адамнан тікелей ұсталынады.

Лауазымдық еңбекақылар, арнаулы әскери атақтары
б о й ы н ш а е ң б е к а қ ы л а р

16. Қатардағы және басшы құрамындағы адамдардың лауазымдық еңбекақылар қызметін орындауға кіріскен күннен бастап төленеді, бірақ бұйрықта көрсетілген күннен бұрын емес немесе егер лауазымда тағайындалған күн көрсетілмесе, тағайындау туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап т ө л е н е д і .

17. Қатардағы және басшы құрамындағы адамдардың лауазымдық еңбекақылары ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының штаттарында көрсетілген және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен б е к і т і л г е н м ө л ш е р д е т ө л е н е д і .

18. Лауазымы бойынша ең аз және ең көп еңбекақы көзделінген жағдайда осы лауазымға тағайындалған қатардағы және басшы құрамындағы нақты адамның еңбекақысын берілген кластылығына немесе бұл адамның іскерлік қабылетіне, жұмыс тәжірибесіне, атқаратын қызметі бойынша орындайтын міндетінің күрделілігі мен көлеміне байланысты белгіленген ең аз және ең көп шегінде ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органының бастығы белгілейді.

Мұндай жағдайда еңбекақылардың мөлшері ішкі істер органы бойынша б ұ й р ы қ п е н ж а р и я е т і л е д і .

19. Орта басшы құрамындағы лауазымға тағайындалған қатардағы және кіші басшы құрамындағы адамдарға орта басшы құрамының арнаулы әскери атағы берілгенге дейін атқаратын штаттық қызметті бойынша белгіленген еңбекақы, арнаулы әскери атағы бойынша еңбекақы және еңбек сіңірген жылдары үшін п р о ц е н т т і к ү с т е м е т ө л е н е д і .

Орта басшы құрамындағы қызметке тағайындалған ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қатардағы және кіші басшы құрамындағы адамдардың орта басшы құрамындағылардан лауазымы бойынша ақшалай төлемі бұрын алып жүрген ақшалай төлемнен төмен болған жағдайда, онда бұл адамдарға орта басшы құрамының лауазымы бойынша тең немесе неғұрлым жоғары ақшалай төлем құқығына жеткенше тиісті айырмашылығы төленеді. Аталған айырмашылық қатардағы немесе кіші басшы құрамындағы адамның орта басшы құрамындағы лауазымға тағайындалған сәтіндегі ақшалай т ө л е м і н е қ а р а й е с е п т е л і н е д і .

20. Қатардағы және кіші басшы құрамындағы адам басқа ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органына ауыстырыла отырып орта басшы құрамындағы лауазымға тағайындалған жағдайда, айырмашылық, осы Ереженің 19-тармағына сәйкес, қызметкер ауысқан және ауыстырылған ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының тарифтенуіне қарамастан, осы адам

орта басшы құрамының тағайындалу сәтінде нақтылы алатын ақшалай төлеміне қарай есептелінеді.

Қатардағы немесе орта басшы құрамындағы адам белгілі бір коэффициенттер, жоғары еңбекақылар төленетін жерде мұнда қатардағы және кіші басшы құрамының бұл санатына осындай жеңілдіктер көзделінбеген жерге ауыстырыла отырып орта басшы құрамындағы қызметке тағайындалған жағдайда, осы Ереженің 19-тармағына сәйкес айырмашылық аталған жеңілдіктер ескерілместен есептелінеді.

Егер қатардағы немесе кіші басшы құрамындағы адам орта басшы құрамының лауазымына ауыстыру тәртібімен тағайындалған жерде қатардағы және орта басшы құрамының осы санаты үшін өзгеше жеңілдіктер белгіленілсе, онда айырмашылықты есептеу жеңілдіктерін ескере отырып, бұрын алған ақшалай төлеміне қарай, бірақ ауыстырылу күніне дейін нақтылы алған айлық еңбекақысынан есептелген ақшалай төлемінен және жаңа қызметінің орны бойынша қатардағы және кіші басшы құрамының сол санатындағылар үшін белгіленген жеңілдіктерінен аспайтын мөлшерде жүргізіледі.

21. Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарында штаттық лауазымда қызмет атқаратын қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген мөлшерде оларға дербес берілген басшы құрамның арнаулы әскери атақтары бойынша еңбекақылар төленеді.

Қатардағы және басшы құрамдағыларға арнаулы әскери атақтары бойынша еңбекақылар төлеу арнаулы әскери атақ беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап жүргізіледі.

Ақшалай төлемді сақтау
Ақшалай төлемдегі айырмашылықты өтеу

22. Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамындағы адамдарды Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің, Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жоғары және арнаулы орта оқу орындарына арнаулы пәндер бойынша басшы және педагогикалық жұмысқа тағайындағанда, оларға әрбір нақтылы жағдайда Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Әділет министрлігі белгілеген тәртіппен, егер еңбекақылары бұрынғы қызмет орны бойынша алғаннан төмен болса, оқу орнына тағайындалғанға дейінгі соңғы негізгі (уақытша атқарғаны емес) лауазымдары бойынша лауазымдық еңбекақылары (соның ішінде көтеріңкілері), содан кейінгі өсуі ескеріле отырып, сақталына алады. Қызметі төмендегенде, сондай-ақ лауазымдық еңбекақысын сақтау көзделмеген қызметке

адамдарының лауазымдық еңбекақылары:

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жоғары оқу орындары жанындағы кемінде - бес жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс стажы бар тиісті кафедра оқытушысының еңбекақысынан;

Қазақстан Республикасы Ішкіісмині, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің ғылыми-зерттеу институттары жанындағы - тиісті бөлімінің аға ғылыми қызметкері еңбекақысынан аспауы тиіс.

26. Қызмет орны бойынша лауазымы сақталмайтын, бірақ оқитын уақыты үшін соңғы негізгі штаттық лауазымы бойынша ақшалай төлем жасалатын жоғары және орта арнаулы оқу орындарына қабылданған қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға оқу кезеңі мен оқитын жеріне барарда;

а) шөлді, биік таулы және сусыз жерлердегі жұмысы үшін аудандық коэффициенттері, экологиялық зілзала аймақтарында тұрғаны үшін коэффициенттері;

ә) барлық басқа көтеріңкі еңбекақылары, үстемелері (еңбек сіңірген жылдары үшін үстемелерді қоспағанда) және қосымша төлемдері сақталмайды.

27. Оқу кезеңінде арнаулы әскери атақ берілген оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарына сол атақтары үшін төлем жасалады, бұл ретте оқу кезеңінде сақталған ақшалай төлемін алатын қатардағы және кіші басшы құрамы адамдарына - бұрынғы атқарған қызметі бойынша лауазымдық еңбекақысы, дербес берілген арнаулы әскери атағы бойынша еңбекақысы мен еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемесі есебімен, шәкіртақы алушыларға - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген және арнаулы әскери атақ берілгендегі шәкіртақы мөлшері есебімен төленеді.

Қазақстан Республикасы Ішкіісминнің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін тікелей күндізгі адъюнктураға қабылданған басшы құрамы адамдарына:

сақталған ақшалай төлемін алатындарға - бұрынғы атқарған қызметі бойынша лауазымдық еңбекақысы, дербес берілген әскери атағы бойынша еңбекақысы мен еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемесі есебімен:

шәкіртақы алушыларға - алатын шәкіртақы, дербес берілген арнаулы әскери атағы бойынша еңбекақысы және еңбек сіңірген жылдары үшін үстемесі есебімен төленеді.

28. Оқуға жіберілгенге дейін атқарған соңғы штаттық қызметі бойынша ақшалай төлемі оқу кезеңінде сақталатын оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарының сақталынатын ақшалай төлемінің мөлшері тек соңғы штаттық қызметі бойынша лауазымдық еңбекақысы өскен, еңбек сіңірген жылдары үшін

проценттік үстеме өзгерген немесе кезекті арнаулы әскери атағы берілген жағдайда ғана өзгертіледі.

Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарына тағылымдамаға (стажировка) жіберілген тыңдаушылар мен курсанттарға тағылымдама уақыты үшін ақшалай төлемді оқу орны төлейді. Тағылымдама орны бойынша тағлымгерлер (стажерлар) ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының штаттық лауазымдарына тағайындалған жағдайда оларға штаттық қызметте болған кезеңінде оқуын одан әрі жалғастыру үшін оқу орнына кеткенше (жолдан болған уақытын қосқанда) ақшалай төлемнің айырмашылығы төленеді, бұл туралы ақша аттестатында тиісті жазулар жазылады.

29. Жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін тікелей адъюнктураға емтихан тапсыруға ұсынылған басшы құрамы адамдарына Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орнын бітіргенде төленген мөлшерде ақшалай төлемі (жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін екі айдан артық емес) сақталынады.

Ескерту: Бұл мерзімге оқу орнын бітіргеннен кейін берілген демалыс қосылған.

Емтихан сессиясының қорытындылары бойынша тек үздік бағалары бар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орындарының 24-тармақтың (а) тармақшасында аталған тыңдаушылары мен курсанттарының емтихан сессиясынан кейінгі семестрдің бірінші күнінен бастап алатын шәкіртақылары 50 процентке, ал тек жақсы және өте жақсы бағалар алғандардың шәкіртақылары 25 процентке арттырылады.

Сынақтар (зачеттар) бойынша сараланып қойылған бағалар, сондай-ақ оқу және өндірістік практика (тағылымдама), курс жұмыстары - (жобалар, сынықтар) бойынша бағалар, ал арнаулы оқу орындарында, бұған қоса, емтихан сессиясына енгізілмейтін пәндер бойынша семестрдегі жиынтықты бағалар тыңдаушылар мен курсанттардың көтеріңкі шәкіртақыға құқығын айқындаған кезде осы тармаққа сәйкес емтихандарда алған бағаларымен теңдестіре есептелінеді.

Кезекті емтихан сессиясында сынықтары мен емтихандары дәлелді себептермен толық немесе ішінара тапсырмаған тыңдаушылар мен курсанттарға төленетін көтеріңкі шәкіртақылар оларға сынықтар мен емтихандардың жеке мерзімі белгіленген келесі айдан кейінгі айдың 1-ші күніне дейін сақталады.

Дәлелді себеппен осы курста қайта оқуға қалдырылған тыңдаушылар мен курсанттарға қайталанған оқу жылындағы шәкіртақылар олар тапсырған соңғы емтихан сессиясының бағаларын есепке ала отырып, кезекті емтихан сессиясының нәтижелері бойынша төленеді.

30. Оқу орындарын бітірген және қызметке бөлу бойынша тиісті ішкі істер,

қылмыстық-атқару жүйесі органына жіберілген адамдарға оқуды бітіріп, оларға демалыс берілгеннен бастап штаттық қызметін атқаруға кіріскенге дейін:

а) оқу кезеңінде сақталған ақшалай төлемін алып жүргендерге - оқу кезеңінде алған ақшалай төлемі мөлшерінде;

ә) шәкіртақы алып жүргендерге - шәкіртақысының, сондай-ақ дербес берілген арнаулы әскери атағы бойынша еңбекақысының мөлшерінде ақшалай төлем жасалады.

31. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің адъюнктурасында оқыған уақыт ғылыми-педагогикалық (педагогикалық) жұмыс стажына есептелінеді.

32. Қазақстан Республикасы Ішкіісмині оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарына (оқудың сырттай және кешкі түрлері бойынша оқығандардан басқа) оқу орындарын үздік бітіргені үшін Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орындарын бітіргеннен кейін тікелей алған арнаулы әскери атағы мен лауазымы бойынша ақшалай төлемінің еңбекақысына қарай біржолғы ақшалай сыйақы төленеді.

Бастапқы даярлық, қайта даярлау, біліктілікті жетілдіру мен арттыру уақыты үшін ақшалай төлем жасау

33. Штаттық қызметін жасай отырып, қысқа мерзімді курстар мен бастапқы даярлық жиындарына, оқу орындарына қайта даярлау мен білімдерін жетілдіруге, біліктілікті арттыру курстарына, факультеттері мен институттарына уақытша кеткен қатардағы және басшы құрамы адамдарына оқитын уақыты үшін, сондай-ақ оқу орнына бару мен қайтар жолға кететін уақыты үшін негізгі штаттық лауазымы бойынша алатын ақшалай төлемі беріледі.

34. Оқу орнына бару мен қайта жолына кететін уақытты есептемегенде, бірақ екі айдан артық болмайтын, оқыған уақыты үшін қатардағы және басшы құрамындағы адамдар нақтылы алатын мыналар да:

а) аудандық коэффициенттері, экологиялық зілзала аймақтарында тұрғаны үшін, биік таулы, шөлді, сусыз жерлерде жұмыс істегені үшін коэффициенттері сақталады.

Аталған коэффициенттер сондағы қызметі үшін төленетін аудандар мен жерлерден тысқары оқудың екі айы өткеннен кейін бұл коэффициенттерді төлеу тоқтатылады.

Егер оқу қатардағы және басшы құрамы адамдары үшін осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген, оқуға келгенге дейінгі нақтылы алғанмен бірдей жеңілдіктер белгіленген аудандар мен жерлерде өткізілсе, онда коэффициенттер

оқудың бүкіл уақытына сақталады.

Нақтылы алатындарынан өзгеше жеңілдіктер белгіленген аудандар мен жерлерде қатардағы және басшы құрамы адамдарына екі айдан астам оқу уақыты үшін осы тармақтың (а) тармақшасында аталған оқу орнында қолданылатын коэффициенттер төленеді;

ә) ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі үшін үстемелер;

а) қызметтің ерекше жағдайлары үшін үстемелер сақталады.

Шифрлаушы қызметкерлер мен жұмылдырушы қызметкерлерді қысқа мерзімді жиындар мен кадрларды даярлау, қайта даярлау, олардың біліктілігін жетілдіру мен арттыру курстарына жіберген кезде шифрлық және жұмылдырушылық жұмыс үшін үстеме оқудың барлық уақытында сақталады.

35. Оқыған уақытында өздеріне сақталатын лауазымдары бойынша ақшалай төлем алатын қатардағы және басшы құрамы адамдарын оқу кезеңінде басқа штаттық қызметке тағайындаған жағдайда (басқа жаңа штатқа ауысу және басқа себептер), сондай-ақ тарифтік топтары өзгерген жағдайда оқу кезеңінде лауазымдық еңбекақы мөлшері өзгертілмейді.

Егер тұтас жүйе бойынша еңбекақылардың жалпы өзгеруіне орай сақталған лауазым жөніндегі ақшалай төлем (лауазымдық еңбекақы) оқу кезеңінде өзгертілсе, онда ақшалай төлем тағайындалған сәтінен еңбекақы ескеріле отырып төленеді.

Қызметті уақытша атқарған кезде ақшалай төлем жасау

36. Сол органда неғұрлым жоғары еңбек ақысы бар басқа да лауазымдарды уақытша атқару белгіленген тәртіппен жүктелген штаттық қызметтегі қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға уақытша атқаратын қызметтері бойынша лауазымдық еңбекақылар (осы Ереженің 38 және 45-тармақтарын ескере отырып) төленеді.

Қызметті уақытша атқарудың үздіксіз мерзімі қызметке кіріскен күннен бастап саналады, бірақ бұйрықта көрсетілген датадан бұрын емес, ал датасы көрсетілмеген жағдайда - бұйрыққа қол қойылып, қызметті атқарудан босатылғанға дейін саналады.

37. Босаған лауазымды уақытша атқаруға қатардағы және басшы құрамындағы адамдарды жіберу осы лауазым номенклатурасына енетін ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органы бастығының бұйрығымен (санкциясымен, жіберуге рұқсатымен) ресімделеді.

Бос емес лауазымды уақытша атқаруға қатардағы және басшы құрамындағы адамдарды жіберу адам қызметте тұратын ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органы бастығының бұйрығымен ресімделіне алынады, бірақ осы лауазым

номенклатурасына енетін ішкі істер органының бастығы тағайындау туралы міндетті түрде хабардар етіледі.

Егер сол лауазымды тұрақты атқарып жүрген адам, сондай-ақ оның штаттағы орынбасарлары (көмекшілері), олардың қызметтік міндеттеріне қарамастан, емделуге, демалысқа, қызметтік іс-сапарға, оқуға және басқаларына ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органынан кеткен жағдайда ғана бос емес лауазымдарды уақытша атқаруға жіберіле алады.

Міндеттерді уақытша атқарудың үздіксіз мерзімі бос лауазым бойынша - бір айдан, ал бос емес лауазым бойынша - төрт айдан аспауы тиіс.

38. Лауазымдарды уақытша атқаруға тағайындалған қатардағы және басшы құрамындағы адамдардың демалыста, қызметтік іс-сапарда (уақытша атқаратын лауазымдарды жөніндегі міндеттерге байланысты емес), оқуда, емдеу мекемелерінде емделуде болған уақыты үшін, сондай-ақ қатардағы және басшы құрамындағы адамдар науқастануы бойынша қызметтік міндеттерінен босатылған уақыты үшін (3 күннен аса) еңбекақылары негізгі лауазымдары бойынша төленеді.

39. Штаттағы орынбасарлар (көмекшілер), олардың қызметтік міндеттеріне қарамастан, өздерінің тікелей бастықтарының бос емес лауазымдарын уақытша атқарғанда, ақшалай төлемі олардың уақытша атқарған лауазымы емес, негізгі лауазымы бойынша төленеді.

40. Орынбасарлардың және барлық дәрежедегі бастықтар мен командирлер көмекшілерінің бос емес лауазымдарын уақытша атқаруға тағайындалған басшы құрамы адамдарының еңбекақылары уақытша емес, негізгі атқарып жүрген лауазымы бойынша төленеді.

41. Бос лауазымды уақытша атқаруының 30 күндік мерзімі өткенге дейін осы лауазымға тағайындалған қатардағы және басшы құрамындағы адамдардың атқарған лауазымы бойынша еңбекақылары бос лауазымды уақытша атқаруға кіріскен күнінен бастап төленеді.

42. Уақытша атқарған лауазымы бойынша еңбекақы ең азынан ең көбіне дейінгі шегінде белгіленген жағдайда лауазымды уақытша атқарушыға ең аз жалақы төленеді, ал уақытша атқарған қызметі бойынша еңбекақысы мамандығы бойынша жұмыс стажына қарай көзделген жағдайда лауазымды уақытша атқарушы адамның осы мамандығы бойынша жұмыс стажы ескеріле отырып төленеді.

43. Уақытша атқаратын лауазымы бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемесі мен лауазымдық еңбекақыдан есептелетін ақшалай төлемнің басқа түрлерін төлегенде, нақтылы алатын еңбекақысы еске алынады.

44. Лауазымды үздіксіз уақытша атқарғанда уақытша атқаратын лауазымы бойынша ақшалай төлемнің бірінші төлемі 30 күн (бос лауазым үшін) және 60

күн (бос емес лауазым үшін) өткеннен кейін беріледі, бірақ осы Ереженің 4-тармағында көзделінген мерзімдерден бұрын емес.

45. Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қарамағындағы (резервіндегі) басшы құрамындағы адамдардың уақытша атқаратын бос лауазымдары бойынша еңбекақысы ұзақтығына қарамастан, бұл лауазымды нақтылы атқарған уақыты үшін төленеді. Уақытша атқарған бос емес лауазымдар бойынша еңбекақылар оларға төленбейді.

Науқастанған уақыты үшін ақшалай төлем жасау

46. Емделуде немесе науқастануы бойынша демалыста жүрген қатардағы және басшы құрамындағы адамдардың ақшалай төлемі науқастанған күніне дейінгі мөлшерде (осы Ереженің 38-тармағын еске ала отырып) сақталынады, бірақ үздіксіз емделуде немесе науқастануы бойынша демалыста жүргенде төрт айдан аспауы керек, ал туберкулезбен ауырғандарға 12 айдан аспауы керек.

Ескерту: Госпитальдарда, ауруханаларда, емханаларда және басқа емдеу мекемелерінде емделіп жүрген, уақытша еңбекке жарамсыздығы жөніндегі босату парақтары негізінде, сондай-ақ отбасының науқастанған мүшелерін күту жөніндегі уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша қызметтік міндеттерінен босату парақтары негізінде науқастануы бойынша қызметтен босатылған қатардағы және басшы құрамының адамдары емделуде жүргендер деп саналады.

Қызметтік міндеттерін орындау кезінде жаралануына, контузияға ұшырауына немесе мертігуіне байланысты емделуде жүрген қатардағы және басшы құрамы адамдарына ақшалай төлем емделуде болған уақыты үшін, олардың лауазымды атқаруға кіріскеніне немесе Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органынан босатылғанына дейін төленеді.

47. Осы Ереженің 46-тармағында көрсетілген мерзімнен артық уақыты үшін ақшалай төлем жасауға қатардағы және басшы құрамы адамдарының ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарындағы одан әрі қызметке жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысына байланысты Ішкі істер министрінің, Әділет министрінің ішкі істер басқармалары бастықтарының, оларға тең бастықтардың рұқсатымен жол беріледі.

Ескерту. 47-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755

48. Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қарамағында (резервінде) болған кезінде ауырып қалған қатардағы және басшы құрамы адамдарына ақшалай төлем қарамағына алынған (қарауында болатын мерзіміне қарамастан) күніне дейін алып келген мөлшерде осы Ереженің 46-тармағында белгіленген тәртіппен емделуде немесе науқастануы бойынша демалыста жүрген у а қ ы т ы ү ш і н тө л е н е д і .

49. Бала күту жөніндегі демалыстарда және ақшалай төлем сақталмайтын бала күту жөніндегі қосымша демалыстарда болған кезеңде қатардағы және басшы құрамындағы әйелдер ауырып қалған кезде ақшалай төлем олардың ауырған күндеріне төленбейді.

Егер аталған демалыстардан кейін де науқастану жалғаса берсе, ақшалай төлем баланы күту жөніндегі тиісті демалыс біткен келесі күннен төленеді.

50. Емханада немесе тегін жолдама бойынша санаторийлік-курорттық емделуде болған барлық жағдайларда азық-түлік сыбағасының орнына ақшалай төлем жасалмайды.

Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органының штаттары өзгерген кезде ақшалай төлем жасау

51. Штат өзгергенде (толық немесе ішінара) өзгертілген шарт бойынша лауазымға тағайындалған қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға осы лауазымдар бойынша еңбекақылар лауазымдарын атқаруға кіріскен күннен бастап төленеді, бірақ бұйрықта көрсетілген күннен бұрын емес, немесе, егер лауазымға тағайындау күні көрсетілмесе, тағайындау туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бұрын емес.

Егер қатардағы немесе басшы құрамындағы адамдар атқарған лауазымдар атаулары өзгертілген штатта бұрынғысынша қалса, бірақ олар бойынша еңбекақылары өзгертілсе, жаңадан белгіленген еңбекақыларды бере бастаудың басқа мерзімі көрсетілмесе, жаңадан белгіленген еңбекақылар бұйрық берілген күннен бастап төленеді.

Егер штатты бекіту (өзгерту) туралы бұйрықта басқа мерзім көрсетілмесе, штат өзгергенде қызметке тағайындау бір ай мерзімнен кешіктірілмей жүргізіледі.

52. Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органының штаты өзгеруіне байланысты жаңа лауазымдарға тағайындалған қатардағы және басшы құрамындағы адамдардың демалыста, емделуде, қызметтік іссапарда немесе оқуда (қызмет орны бойынша лауазымдарының барлық жағдайда сақталуымен) болған кезеңде алдағы уақытта осы лауазымдарды атқаруға кіріскенге дейін

науқастануы бойынша емделуде және демалыста болғандарға осы Ереженің 46 және 47-тармақтары қолданыла отырып бұрынғы атқарған негізгі лауазымдары бойынша еңбекақылары төленеді.

Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қарамағында (резервінде) болған уақытында ақшалай төлем жасау

53. Атқаратын лауазымдарынан босатылған (соның ішінде штат өзгерген жағдайда) тиісті ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қарамағында (резервінде) болған уақыты үшін ақшалай төлем штаттық лауазымнан босатылған күнінен бастап соңғы негізгі лауазымы бойынша лауазымдық еңбекақысы (соның ішінде сақталынған), арнаулы әскери атағы бойынша еңбекақысы және еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемесі сондай-ақ азық-түлік сыбағасының орнына ақшалай өтемі мөлшерінде орта, аға және жоғары басшы құрамы адамдарына - екі ай бойы, ал қатардағы және кіші басшы құрамы адамдарына - бір ай бойы төленеді.

54. Қарамақта (резервте) болған уақытында қатардағы және басшы құрамындағы адамдардың сондай-ақ: егер бұл адамдар коэффициенттері белгіленген аудандар мен жерлердегі ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қарамағында болса, онда аудандық коэффициентті, биік таулы, шөлді және сусыз аудандардағы жұмысы үшін, экологиялық зілзала аймақтарында тұратыны үшін коэффициентті сақталады және де тек лауазымдық еңбекақыларды алуға құқы бар уақытқа сақталады.

55. Қарамағына алу туралы бұйрыққа қол қойылған күн немесе бұйрықта көрсетілген күн қарамағына (резервіне) алу күні болып саналады.

56. Қарамақта болған мерзімде ақшалай төлем жасағанда мыналар:
кезекті демалыста болған уақыты;
емдеу мекемелерінде емделуге (тексерілуде) болған уақыты;
бұрынғы жұмыс орнын тиісті ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органына дейінгі жылда болған уақыты;
жоғары және орта арнаулы оқу орындарының сырттан, кешкі оқу бөлімдеріндегі оқу-емтихан сессияларында болған уақыты;
қылмысты іс тоқтатылған немесе ақтау үкімі шығарылған жағдайда тұтқындалған күнінен босатылған күніне дейін қосып есептегенде қылмысты жауапкершілікке тартылуына байланысты тұтқында болған уақыты е с е п т е л і н б е й д і .

57. Кезекті демалысын пайдаланбай, лауазымынан босатылған және қарамақта (резервте) тұрған ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қатардағы және басшы құрамындағы адамдарын қызметте оларды одан әрі

пайдалану туралы мәселені шешу кешеуілдетілген жағдайда, әдетте, пайдаланылмаған кезекті демалысы беріледі.

Кезекті демалыс уақытына оларға қарамағына (қарамағында болған мерзіміне қарамастан) алу күніне дейінгі негізгі лауазымы бойынша алатын мөлшерде ақшалай төлем жасалады.

Қызметтік міндеттерін (лауазымдарын) атқарудан босатылғандардың және тұтқында болған уақыты үшін, сондай-ақ қызметке қайтадан алынғандарға ақшалай төлем жасау

58. Тәртіп бұзуына байланысты қызметтік (лауазымдық) міндеттерін орындаудан аластатылған қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға қызметтік (лауазымдық) міндеттерін орындаудан босатылған келесі күннен бастап ақшалай төлем осы Ереженің 53-тармағында көзделген тәртіппен төленеді.

59. Талан таражға түсіргені, ұрланғаны немесе мемлекетке материалдық зиян келтірілген басқа да қылмыстары үшін қылмысты жауапкершілікке тартылуына байланысты қызметтік міндеттерін орындаудан аласталған қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға ақшалай төлем тоқтатылады. Оларға ақшалай төлем тек тергеу немесе сот органдарының рұқсатымен ғана төленеді.

60. Тергеу немесе сот органдары тұтқындаған қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға ақшалай төлем жасау тұтқынға алынған күнінен бастап тоқтатылады. Тұтқындалған күніне дейін алынбаған ақшалай төлем тергеу немесе сот органдарының рұқсатымен ғана төленуі мүмкін.

61. Заңды күшіне енген сот үкімімен қылмыс жасағанына кінәлі деп танылған қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға сот қолданған жазаның түріне қарамастан, соның ішінде шартты түрде сотталғаны туралы үкім шығарылған жағдайда да тұтқында болған уақыты үшін ақшалай төлем жасалмайды.

62. Ақтау үкімі шығарылған, қылмыс оқиғасының болмағаны үшін, іс әрекетінде қылмыс құрамының да жоқтығы үшін немесе қылмыс жасауға қатысқаны дәлелденбегені үшін қылмыс ісі тоқтатылған жағдайда-қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға қызметте еріксіз болмағаны уақыты үшін Қазақстан Республикасының актілерінде белгіленген зиянды өтеу тәртібіне сәйкес ақшалай төлем өтелінеді.

63. Гаупвахтада ұстап, тәртіп бұзу ретінде тұтқындалған қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға тұтқында болған уақыттары үшін лауазымдық еңбекақылары, сондай-ақ арнаулы әскери атақтары бойынша еңбекақылары және еңбек сіңірген жылдары үшін үстемелері төленеді.

Ақшалай төлемдердің басқа түрлерінен аталған адамдарға коэффициенттер (

аудандық, экологиялық зілзала аймағында тұрғаны, шөлді, сусыз және биік таулы жерлерде жұмыс істегені үшін) төлем сақталады.

64. Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарынан босатылған, ал содан кейін жұмыстан шығарылуы негізсіз деп табылуына байланысты қызметіне қайта алынған қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға босатылған лауазымы бойынша, бірақ үш айдан аспайтын еріксіз жұмыстан қол үзген уақыты үшін ақшалай төлем жасалады.

Бұл адамдарға кетерде төленген біржолғы жәрдемақы еріксіз жұмыстан қол үзгені үшін есептелетін соманың есебіне, ал бұл сомадан асатын бөлігі содан кейін шығарылғанда төлеуге жататын жәрдемақы сомасына есептелінеді.

Демалыс уақыты үшін ақшалай төлем жасау

65. Кезекті және қысқа мерзімді демалыс уақыты үшін қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға ақшалай төлем демалысқа кеткенге дейінгі негізгі (уақытша атқаратыны емес) штаттық лауазымы бойынша алатын мөлшерде төленеді, бұған егер демалысқа кеткенге дейін олар алмаған болса, ай сайынғы еңбекақы өсімі, үстемелері мен коэффициенттері қосылады.

Рұқсат етілген жағдайда қоса қызмет атқаратын қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға демалыс кезінде негізгі лауазымы бойынша ғана төлем жасалады.

Егер демалыста жүрген кезінде қатардағы және басшы құрамы адамдарының атқаратын лауазымы бойынша еңбекақысы өзгеріп, үстемелерді, соның ішінде еңбек сіңірген жылдары үшін үстемелерді өсіру құқығы пайда болса немесе оған басшы құрамының кезекті арнаулы әскери атағы берілсе, демалыстан қайтып оралысымен оған тиісінше қайта есептеу жүргізіледі. Егер демалыста жүрген кезінде қатардағы және басшы құрамындағы адамдардың лауазымдық еңбекақысы оны басқа лауазымға тағайындауға байланысты өзгерсе, қайта есептеу жүргізілмейді.

Қатардағы және басшы құрамы адамдары қатарындағы әйелдерге екіқабаттылығы мен босануы бойынша демалыс уақытына ақшалай төлемі осы тармақта көзделінген тәртіппен төленеді.

66. Қатардағы және басшы құрамындағы адамдар қатарындағы оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарына каникулдық демалыстарында оқу уақытында алатын ақшалай төлемі төленеді.

Оқу орнын бітіргеннен кейін берілетін демалыс уақыты үшін ақшалай төлемі осы Ереженің 30-тармағына сәйкес төленеді.

67. Ішкі істер министрінің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орындарында қабылдау емтихандарын тапсыруға арналған,

сондай-ақ осы оқу орындарының сырттай және кешкі факультеттері мен бөлімшелерінде оқу және лагерьлік жиындарын өткізуге арналған жөн сілтеуші және сынақ-емтихан сессияларына, қорытынды-бітіру жиындарына арналған және аталған оқу орындарында мемлекеттік емтихан тапсыруға арналған қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға берілетін қосымша демалыс уақыты үшін, сондай-ақ оқу орнына бару мен қайтуға берілген уақыт үшін ақшалай төлемі демалысқа кеткен күннен бастап негізгі штаттық лауазым бойынша алатын толық мөлшерінде төленеді.

Қазақстан Республикасының Ішкіісминінің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орындарының сырттай және кешкі факультеттері мен бөлімшелерінің тыңдаушыларына белгіленген тәртіппен берілген сабақтардан бос күндердегі уақыты үшін ақшалай төлемі де осындай м ө л ш е р д е т ө л е н е д і .

68. Ішкіісминінің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Білім министрлігінің және басқа министрліктер мен ведомстволардың жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелері жанындағы адъюнктураға (аспирантураға) қабылдау емтихандарын тапсыруға берілген қосымша демалыстар уақыты үшін ақшалай төлемі осы Ереженің 67-тармағында көзделген тәртіп пен мөлшерде төленеді.

Ішкіісминінің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жоғары оқу орны мен ғылыми-зерттеу мекемелері орналасқан жерге бару мен қайту уақыты үшін басшы құрамының адамдарына ақшалай төлем жасау сондай-ақ осы Ереженің 67-тармағында көзделінген тәртіп пен мөлшерге қарай ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Білім министрлігінің, басқа да министрліктер мен ведомстволардың жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелері орналасқан жерге бару мен уақытында басшы құрамы адамдарына қосымша демалыс ақшалай төлемі с а қ т а л м а с т а н б е р і л е д і .

69. Ішкіісминінің, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелері жанында сырттай адъюнктурада (аспирантурада) оқып жүрген басшы құрамының адамдарына қосымша демалыстар мен сабақтарға арналған бос күндер уақыты үшін, сондай-ақ осы тармақта аталған жоғары оқу орны немесе ғылыми-зерттеу мекемесі орналасқан жерге барып-қайту уақыты үшін ақшалай төлемі осы Ереженің 67-тармағында көзделінген тәртіп пен мөлшерде төленеді.

70. Білім министрлігінің және басқа да министрліктер мен ведомстволардың жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінде сырттай аспирантурада оқитын басшы құрамының адамдарына берілген қосымша демалыс уақыты үшін ақшалай төлем сондай-ақ осы Ереженің 67-тармағында

көзделінген тәртіп пен мөлшерде төленеді.

Осы тармақта аталған жоғары оқу орны немесе ғылыми-зерттеу мекемелері орналасқан жерге барып-қайту уақытына қосымша демалыс ақшалай төлем сақталмастан беріледі. Басшы құрамындағы бұл адамдардың сабақтарға арналған аптадағы бір бос күні үшін негізгі штаттық лауазым бойынша ақшалай төлемнің күндік мөлшерінің 50 проценті төленеді.

71. Ішкіісмині, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелеріне немесе белгіленген тәртіппен рұқсат етілген жағдайда басқа министрліктер мен ведомстволардың жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелеріне бекітілген ғылым кандидаттары мен докторлары ғылыми-дәрежелерін алуға талпынушы басшы құрам адамдарына берілген шығармашылық демалыстар уақыты үшін ақшалай төлемі демалысқа кеткен күнінен бастап негізгі штаттық лауазымы бойынша алатын толық мөлшерінде төленеді.

72. Білім министрлігінің, басқа да министрліктер мен ведомстволардың кешкі және сырттай жоғары және орта арнаулы оқу орындарына қабылдау емтихандарын тапсыруға арналған, сондай-ақ аталған оқу орындарында жөн сілтеуші сессияларынан өтуге арналып берілген қосымша демалыстар уақыты үшін қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға төлем жасалмайды.

Осы тармақта аталған жоғары оқу орындары тұрған жерге барып қайту жолына берілген уақыт үшін де ақшалай төлем жасалмайды.

73. Білім министрлігі және басқа министрліктер мен ведомстволары оқу орындарында кешкі және сырттай оқу түрлері бойынша оқитын қатардағы және басшы құрамы адамдарына (Жұмысын оқу орындарында оқумен ұштастыратын жұмысшылар мен қызметшілерге жеңілдіктер туралы Ережеге сәйкес (1991 жыл, ПМ N 250 бұйрығы) берілген қосымша демалыстар уақыты үшін ақшалай төлемі демалысқа кеткен күнінен бастап негізгі штаттық лауазымы бойынша төленеді.

74. Оқудың кешкі және сырттай түрлері бойынша осы Ереженің 73-тармағында аталған оқу орындарында оқып жүрген қатардағы және басшы құрамы адамдарына :

- а) таңдап алған мамандығы бойынша жұмыспен тікелей өндірісте танысу және диплом жобасына материалдар дайындау үшін;
- ә) қызмет орнынан оқу орны тұрған жерге дейін барып-қайту үшін;
- б) осы Ереженің 70-тармағында көрсетілген күннен басқа қызметтен босату мен сабақтарға дайындық үшін берілетін қосымша демалыстарға ақшалай төлем жасалмайды .

75. Жалпы білім беретін кешкі (ауыспалы) және сырттай оқытатын мектептерде оқитын қатардағы және басшы құрамы адамдарына кластан класқа көшу және бітіру емтихандарын тапсыруға арналған қосымша демалыстар,

сабақтарына бос күндер беру және оларға төлем жасау демалысқа кеткен күнінен бастап негізгі лауазымы бойынша ақшалай төлемі мөлшерінде төленеді.

Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарынан босатылған
кезде ақшалай төлем жасау

76. Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарынан босатылған қатардағы және басшы құрамы адамдарына ақшалай төлем:

а) босатылған күніне дейін лауазымын атқарғандарға - істі тапсыру күнін қосқанға дейін, бұл ретте босату туралы бұйрықты ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органы алысымен істі тапсыруға 20 күннен аспайтын уақыт беріледі;

ә) оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарына - оқу орындарының ауыспалы құрамының тізімінен шығарылған күнді қоса есептегенде;

б) босатылған күнге дейін ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органының карамағында болғандарға - істі тапсырған күнді қоса есептеп (осы Ереженің 53-тармағын ескеріп) төленеді. Бұл ретте босату туралы бұйрықты ішкі істер органы алысымен істі тапсыруға 5 күннен аспайтын уақыт беріледі.

77. Босату туралы бұйрықты ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органы алған күні емделуде жүрген қатардағы және басшы құрамы адамдарына - ақшалай төлем қызмет орнына қайта оралған күніне дейін, ал кезекті демалыста жүргендерге - демалысы біткен күні қосылып төленеді. Бұл ретте емделуге немесе демалысқа кетерге дейін ісін өткізбеген қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға ақшалай төлем істі өткізген уақыты үшін де (20 күннен аспайтын) төленеді.

78. Зейнеткерлік құқығымен ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын қызметтен босатқан кезде оларға бір жолғы жәрдемақы, зейнетақы құқығынсыз болса - қызметтен кетердегі жәрдемақысы төленеді.

Біржолғы және қызметтен кетердегі жәрдемақы төлеуде еңбек сіңірген жылдарын, сондай-ақ бұл жәрдемақылардың мөлшерін есептеп шығаруды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

Бұл ретте зейнеткерлік құқығынсыз запасқа жіберілген (ауруы, денсаулығының шектелген жағдайы, штат қысқару, өз тілегі бойынша, басқа министрліктер мен ведомстволарға ауысуына байланысты, контрактіде көзделінген қызмет мерзімінің өтелуі бойынша) және арнаулы әскери атағы беріле отырып қызметке жаңа тағайындалған қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға одан кейінгі шығарылуда қызметтен кетердегі (бір жолғы) жәрдемақысының мөлшерін айқындау үшін келесі шығаруда тек соңғы үзілістен кейінгі күнтізбелік есептеудегі қызметі ғана еске алынады.

Қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға зейнетақы тағайындауға байланысты запасқа кетуіне орай қызметке үзілістері болған жағдайда біржолғы жәрдемақының мөлшерін айқындау үшін тек соңғы үзілістен кейінгі күнтізбелік есептеудегі қызметі ғана еске алынады.

Бұрын берілген жәрдемақылар қайтаруға жатпайды, бірақ олар біржолғы немесе жұмыстан кетердегі жәрдемақының сомасына есептелінеді.

Еңбек сіңірген жылдары үшін біржолғы немесе жұмыстан шығардағы жәрдемақысының берілген сомасы туралы қаржы органы берілген жәрдемақының сомасы туралы қызметтік тізімге белгі соғу үшін жеке ісі жатқан орын бойынша кадрлар аппаратына хабарлайды.

Қатардағы және басшы құрамындағы адамдардың абыройын төгетін қылықтар жасағаны үшін жұмыстан шығарылған немесе жасаған қылмысы үшін сотталуына байланысты (соның ішінде шартты түрде сотталуына байланысты да) қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға біржолғы немесе жұмыстан шығарылардағы жәрдемақысы төленбейді.

79. Жасы, науқастылығы, денсаулығының шектелген жағдайы немесе штаттарды қысқарту бойынша ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарынан босатылған қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға босатылған жылы олардың тілегі бойынша сол жылы нақтылы жұмыс істеген уақыты үшін пайдаланылмаған кезекті демалысы беріледі немесе босатылатын жылындағы пайдаланылмаған кезекті демалысы үшін сол жылы қызмет атқарған уақытына пара-пар, бірақ 45 тәуліктен аспайтын ақшалай өтемі төленеді.

Бұл ретте қызметінен әрбір толық айына ақшалай өтемге жататын 2,5 күн демалыс беріледі, қызметтің 15 және одан да көп күндері толық айға жинақталады, ал 15 күннен кемі есептелінбейді.

80. Пайдаланылмаған демалыс үшін ақшалай өтемді төлегенде:
еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемесі;
аудандық, экологиялық зілзала аймақтарында тұрғаны, биік таулы, шөлді және сусыз жерлердегі жұмысы үшін коэффициенттері;
азық-түлік сыбағасының орнына ақшалай өтемі;
басқа да үстемелері есепке алынбайды.

Қатардағы немесе басшы құрамының адамдары өлген жағдайда ақшалай төлем жасау

81. Егер ақшалай төлем қатардағы және басшы құрамы адамының өзіне, сондай-ақ өлген күніне құқығы пайда болған басқа да төлемдер және пайдаланылмаған кезекті демалысы үшін ақшалай өтем төленбесе, қатардағы немесе басшы құрамының адамдары өлген жағдайда өлім келген сол ай үшін

акшалай төлем заңдарда белгіленген тәртіппен мұрагерлеріне толық беріледі.

82. Егер қатардағы немесе басшы құрамы адамының өлген күнінен үш жыл өткенге дейін оны алуға өтініш жасалса, акшалай төлем мұрагерлеріне төленеді.

Еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстеме

83. Қатардағы және басшы құрамы адамдарының лауазымдық еңбекақыларына (соның ішінде сақталынған және көтеріңкі) және дербес берілген арнаулы әскери атақтары бойынша еңбекақыларына еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстеме Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген мөлшерде төленеді.

84. Ішкі істер қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қатардағы және басшы құрамына еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемелі айқындауға арналған стажды есептеу тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, Әділет министрі белгілейді.

Ескерту. 84-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен. P 0 1 1 7 5 5 _

85. Қоса атқарылатын лауазымдар бойынша еңбекақыларға еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстеме есептелінбейді.

Аудандық коэффициенттер, экологиялық зілзала аймақтарында тұрғаны үшін, биік таулы, шөлді және сусыз жерлерде жұмысы үшін коэффициенттер

86. Қатардағы және басшы құрамының адамдарына аудандық коэффициенттер, экологиялық зілзала аймақтарында тұрғаны үшін, сондай-ақ биік таулы, шөлді және сусыз жерлерде жұмыс істегені үшін коэффициенттер Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген мөлшерде төленеді.

Аталған коэффициенттер (экологиялық зілзала аймақтарында тұрғаны үшін коэффициентінен басқасы) лауазымдық еңбекақылар мен қатардағы және басшы құрамының арнаулы әскери атақтары бойынша еңбекақыларға қолданылады. Бұл ретте нақтылы алып жүрген лауазымдық еңбекақы, соның ішінде сақталынған және көтеріңкі еңбекақы еске алынады. Экологиялық зілзала аймақтарында тұрғаны үшін коэффициенттер лауазымдық еңбекақыға (соның ішінде сақталынған және көтеріңкі) ғана қолданылады.

87. Аудандық коэффициенттің, экологиялық зілзала аймағында тұрғаны үшін, биік таулы, шөлді және сусыз жерлерде жұмыс істегені үшін коэффициенттің қолданылуымен жаңа лауазымдық еңбекақылар белгілене алмайды.

Штатында және басшы құрамының адамы тұрған ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органының орналасқан жеріне қарамастан, коэффициенттер нақтылы тұрақты жұмыс орны бойынша қолданылады.

88. Осы Ереженің 86-тармағында көрсетілген коэффициенттер мемлекет тарапынан берілетін азық-түліктің немесе оның орнына ақшалай өтем жасаудың қ ұ н ы н а қ о л д а н ы л м а й д ы .

(8 9 - 1 0 8 - т а р м а қ т а р ы)

ЕСКЕРТУ. 89-108-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.12.25.

№ 1 6 2 0 қ а у л ы с ы м е н .

Қызметтің ерекше жағдайлары үшін үстемелер қосымшалар басқа да төлемдер

109. ЗАС аппаратурасына тікелей қызмет көрсетумен және оған кілттелімді құжаттар жұмысымен айналысатын басшы құрамының адамдарына шифрлық жұмыс ретінде еңбекақыға (соның ішінде көтеріңкіге) үстеме төленеді.

110. Басшы құрам адамдарының үздіксіз жұмыс стаждарына осы Ереженің 108 және 109-тармақтарына сәйкес үстеме төлеу үшін мыналар:

а) тікелей шифрлау жұмысында істейтін адамдардың Ішкіісмині, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің шифрлау қызметінің штаттық лауазымдарындағы, ЗАС аппаратураларын қамту қызметін тікелей атқаратын адамдардың ЗАС қызметіндегі лауазымдарындағы және оған кілттелімді құжаттармен жұмыстағы үздіксіз жұмысы - шифрлау қызметіндегі және мерзімді қызметті атқару кезеңіндегі ЗАС қызметіндегі жұмыстан басқасы лауазымға тағайындалған күннен бастап;

ә) шифрлау қызметі мен ЗАС қызметі қызметкерлерін даярлау мен қайта даярлау, олардың біліктілігін жетілдіру мен арттыру курстарының басшы және оқытушылар құрамының штаттық лауазымдарындағы шифрларға, ЗАС аппаратурасына қызмет көрсетуге және оған кілттелімді құжаттамамен жұмысқа байланысты үздіксіз жұмысы - лауазымға алынған күннен бастап;

б) шифрлау қызметі мен ЗАС қызметкерлерін даярлау, қайта даярлап, олардың біліктілігін жетілдіру мен арттыру курстарында және оқ жиындарындағы оқыған кезеңі;

б) егер қызметкер ауыстыру тәртібін ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органына (шифрлау қызметі мен ЗАС қызметіне) қызметке тұрса, шифрлау жұмысында, ЗАС аппаратураларын қамту және оған кілттелімді құжаттамамен жұмыста тікелей істейтін басқа министрліктер мен ведомстволар адамдарының шифрлау аппараттардағы және ЗАС қызметіндегі үздіксіз жұмысы;

в) егер мұның алдында шифрлау жұмысы, ЗАС аппаратураларын қамту

жөніндегі жұмыс және оған кілттелімді құжаттамамен жұмысы атқарылса, емделуде, демалыста (кезекті, қысқа мерзімді, қосымша, соның ішінде әйелдерге берілетін баланы күту жөніндегі ішінара төленетін демалыстар және үш жасқа толғанға дейін баланы күту жөніндегі ішінара төленетін демалыстар және үш жасқа толғанға дейін баланы күту жөніндегі ақшалай төлемі сақталмайтын қосымша демалыстар) және іссапарға болған кезеңі есептелінеді.

Қазақстан Республикасының Ішкіісмині жүйесінің қарамағында болған уақыты, сондай-ақ бұрынғы партия және комсомол ұйымдарының сайланбалы лауазымдарында жұмыс істеген уақыты шифрлау жұмысындағы, ЗАС аппаратураларын қамту жұмысындағы және оған кілттелімді құжаттамамен жұмысындағы стажын үзбейді, бірақ шифрлау жұмысы үшін үстеме төлеу стажына есептелінбейді.

111. Шифрлау жұмысы үшін үстеме төлеу мынадай уақытта: кезекті демалыста болғанда және демалысы өтетін жерге барып-қайтқанда; ақшалай төлем жасалатын мерзім шегінде емделуде болғанда және емдеу мекемесіне бару-қайту жолына;

екі айдан аспайтын қызметтік іссапарларда болғанда; мамандығы бойынша шифрлау қызметі мен ЗАС қызметі қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау, олардың біліктілігін жетілдіру мен арттыру жиындарында және курстарында болған уақыты үшін сақталады.

Үстеме қызмет орны бойынша штаттық лауазымы сақталған жағдайда төленеді.

112. Штатында бір шифрлаушы қызметкері бар ішкі істер қылмыстық-атқару жүйесі органдарында шифрлау жұмысы үшін үстеме сондай-ақ жұмысты қоса атқаратын шифрлаушы қызметкерлерге (резервтегі шифрлаушы қызметкерлерге) де төленеді. Штаттағы шифрлаушы қызметкер ауырған, демалыста жүрген, іссапарда болған уақытында, соның ішінде штаттағы шифрлаушы қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау олардың біліктілігін жетілдіру мен арттыру жиындарында және курстарында болған уақыты үшін, сондай-ақ штаттағы шифрлаушы қызметкер жұмыс күні бойы өңдей алмайтындай шифрлық ақпарат көп түскен кезде жұмысты қоса атқаратын шифрлау қызметкерлерге (резервтегі шифрлаушы қызметкерлерге) үстеме олардың шифрлау жұмысын тікелей орындаудың бүкіл кезеңіне төленеді.

Жұмысты қоса атқаратын шифрлаушы қызметкерлердің (резервтегі шифрлаушы қызметкерлердің) шифрлау жұмысына үстеме төлеу стажына жұмысты қоса атқаратын шифрлаушы қызметкер (резервтегі шифрлаушы қызметкер) ретінде осы ішкі істер қылмыстық-атқару жүйесі органындағы жұмысының барлық уақыты, соның ішінде олар шифрлау жұмысымен тікелей айналыспаған уақыты да есептелінеді, ал шифрлау жұмысы үшін үстеме олар

тікелей шифрлау жұмысын атқарған уақыты үшін ғана төленеді.

Жұмысты қоса атқаратын шифрлаушы қызметкерді (резервтегі шифрлаушы қызметкерді) тағайындау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Әділет министрінің облыстық, Алматы қалалық ішкі істер Бас басқармалары мен басқармалары, көліктегі ішкі істер басқармасы, Ленинск қалалық ішкі істер басқармасы бастықтарының, Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті төрағасының, Комитеттің аумақтық бөлімшелер бастықтарының бұйрықтарымен ресімделеді.

Жұмысты қоса атқаратын шифрлаушы қызметкерге (резервтегі шифрлаушы қызметкерге) үстеме сол шифрлаушы орган тікелей бағынатын ішкі істер қылмыстық-атқару жүйесі органы бастығының жазбаша рұқсаты бойынша осы тармаққа сәйкес төленеді.

Ескерту. 112-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен.

P011755_

(113-116-тармақтар)

ЕСКЕРТУ. 113-116-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.12.25. N 1620 қаулысымен.

Алименттерді ұстау тәртібі

117. Қатардағы және басшы құрамы адамдарының ақшалай төлемінен алимент сот органдарының орындау парақтары негізінде немесе, алименттерді ерікті түрде төлеуге ниет білдірген адамның ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органының басшысына берілген жазбаша өтініші бойынша ұсталады.

Алименттер орындау парақтарында көрсетілген мөлшерде, ал өтініші бойынша ұсталған - заңда белгіленген мөлшерге сәйкес ұсталады.

118. Орындау парағын немесе жазбаша өтінішті алысымен ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органы қаржы аппаратының (бухгалтериясының) қызметкері алимент төлейтін адамның жеке кәртішкесіне тиісті жазбалар түсіреді

. Орындау парағы алимент ұстауға арналған орындау парақтарының кітабына
т і р к е л е д і .

Алименттерді ұстау туралы, сондай-ақ олардың мөлшерін өзгерту немесе алименттерді ұстауды тоқтату туралы өтініштер орындау парақтарын сақтау үшін белгіленген тәртіппен сақталады.

119. Төлеушіден ай сайын ұстауға жататын алимент сомасын айқындағанда
м ы н а л а р :

барлық белгіленген өсімдер, үстемелер мен коэффициенттер ескерілген лауазымдық еңбекақы, еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстеме, арнаулы әскери атағы бойынша еңбекақысы және басқа да төлемдері;
газеттер мен журналдардың штаттағы әдеби қызметкерлері болып табылатын адамдарға авторлық қаламақы ретінде төленетін сыйақы;
тұрақты түрде берілетін сыйлықтарды қосқанда басқа да төлемдер есепке
а л ы н а д ы .

120. Қатардағы және басшы құрамы адамдарынан алименттерді ұстағанда
м ы н а л а р :

ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органынан босатылған кездегі біржолғы және қызметтен шығарылғандағы жәрдемақысы;
жолға берілген үлесі, соның ішінде лагерьде және далада ұстайтын ақшалар;
ақшалай төлемге үстемелер және тәулікақы мен пәтерақы орнына (соның ішінде милицияның учаскелік инспекторының үстемелері) төленетін басқа да
с о м а л а р ;

тегін берілетін киім-кешектер мен заттық сыбағаның құны немесе олардың ақшалай өтемі, соның ішінде азық-түлік сыбағасы мен темекілік үлесінің орнына
а қ ш а л а й ө т е м ;

ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының Тәртіптік жарғысына сәйкес берілетін ақшалай сыйақының, біржолғы көмектің сомасы;

ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдары туралы теориялық, тарихи еңбектер мен көркем әдебиет шығармаларын жасағаны үшін берілетін
с ы й л ы қ т а р ;

өнертабысы мен тапқырлық ұсыныстары үшін біржолғы сыйақының сомасы;
тегін берілетін пәтердің құны, сондай-ақ тұрғын үйді жалдау мен ұстау және коммуналдық қызметі үшін ақшалай өтемнің белгіленген мөлшері есептелінбейді

121. Алименттер ай сайын ұсталынады, бұл туралы төлеушінің жеке
к ә р т і ш к е с і н е ж а з ы л а д ы .

Егер орындау парағы бойынша жауапкер берешек болса, онда оны ұстап қалу кезекті ұстаумен бірге жүргізіледі. Бұл ретте ай сайынғы ұсталымдардың жалпы сомасы жауапкерге ақшалай төлемнің 50 процентінен аспауы тиіс.

122. Алимент алушыға ұсталған ақшаларды салып жіберуді (беруді) алимент төлеушінің өзі сол ай үшін ақшалай төлемін алғаны немесе алмағанына қарамастан, сол айға ақшалай төлем жасалған күннен бастап үш күннің ішінде қаржы аппараты (бухгалтериясы) жүзеге асырады.

Алимент алушыға ақша салудағы пошта шығындары алушының есебінен төленеді.

Пошталық ақша аудару бланкісінің сырт жағына алименттер қай айға жіберілгені және ақша аудару үшін пошталық төлемнің сомасы көрсетіледі.

123. Алимент төлейтін қатардағы немесе басшы құрамының адамы жаңа қызмет орнына ауысқан кезде, қаржы аппараты (бухгалтерия):

соңғы қай айға және қай мөлшерде алименттің ұсталғаны және алушыға олардың қашан жіберілгенін жолдама хатта көрсете отырып, төлеушінің жаңа қызмет орнына үш күн мерзім ішінде орындау парағын жібереді;

алимент төлеуші кеткен орган немесе мекеменің шартты атауы мен мекен-жайы көрсетіле отырып шешімді орындау орны бойынша сот орындаушысына және алимент алушыға қатардағы және басшы құрамындағы адамның ауыстырылғаны туралы үш күн мерзім ішінде хабарлайды;

орындау парағының нөмірі мен берілген күні, орындау парағын кім бергені, сондай-ақ алушының аты-жөні мен мекенжайы көрсетіле отырып орындау парағы бойынша ұсталымдар туралы жазу ауыстырылатын адамға берілетін ақша аттестатына түсіріледі.

Қатардағы немесе басшы құрамындағы адам жаңа қызмет орнына келген күннен бастап бір ай бойы орындау парағын алмаған жағдайда қаржы аппаратының (бухгалтерияның) жетекшісі алимент төлеушінің бұрынғы қызмет орнынан орындау парағын сұратады, орындау қағазы келгенге дейін ақша аттестатындағы жазулар негізінде алименттер ұстала береді және алушыға жіберіледі.

Өтініштері бойынша алименттер ұсталынатын қатардағы немесе басшы құрамындағы адамдар жаңа қызмет орнына ауыстырылғанда алименттер олардың қайтадан жазған өтініштері негізінде ұсталынады. Алименті төлемеген уақытындағы берешегі мұндай жағдайда борышқордан оның өтініші бойынша ұсталады немесе сот тәртібімен өндіріліп алынады.

124. Ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органы таратылған жағдайда жаңа қызмет орны белгісіз алимент төлеушілердің тиісінше жіберілмеген парақтары таратылған органның құқығын иеленушіге хаттау бойынша беріледі. Таратылған органның орындау парақтарын алған құқық иеленушінің қаржы аппаратының (бухгалтериясының) жетекшісі алимент төлеушінің жаңа қызмет орнына орындау парақтарын жіберу шараларын қолданады.

125. Алимент төлейтін қатардағы немесе басшы құрамындағы адам ішкі істер

, қылмыстық-атқару жүйесі органына босатылар кезде есеп айырысу жүргізілген күні орындау парағының сыртқы бетіндегі тиісті баған толтырылады және есеп айырысу жүргізілгеннен кейінгі келесі күннен қалдырылмай орындау парағы босатқан ішкі істер органы орналасқан жердегі халық сотына жіберіледі.

126. Алимент төлеуші ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органынан зейнетақы тағайындалып босатылғанда орындау парағы зейнетақы төлейтін жердегі банк мекемесіне зейнетақы парағымен бірге жіберіледі.

127. Орындау парағы қозғалысының барлық жағдайы туралы алимент алушы х а б а р д а р е т і л е д і .

128. Алимент төлеушіге ақшалай төлем жасалуы туралы халық соттарының сұрау салуларына айына төленетін ақшалай төлемнің жалпы сомасы көрсетіліп, бұл соманың неден тұратыны ажыратылмастан үш күн ішінде мәліметтер х а б а р л а н а д ы .

129. Ведомствоға қарасты ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарын құжаттамалық тексерулерде алименттерді ұстау дұрыстығы, сондай-ақ оларды алушыға аударудың немесе берудің уақтылы тексеріледі.

А қ ш а а т т е с т а т т а р ы

130. Қатардағы басшы құрамы адамдарын басқа жерге жібергенде, ауыстырғанда, сондай-ақ босатқанда қаржы аппараты (бухгалтерия) оларды барлық тиесілі ақшалай төлем түрлерімен және жолдық сыбағаларымен қанағаттандыруға міндетті және ақша аттестатында (осы Ереженің қосымшасы) берілген ақша сомасы туралы жазуға тиіс.

Қатардағы және басшы құрамының адамдарына ақша аттестаты:

а) ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органының бірінен екіншісіне ауыстырылған барлық жағдайда, соның ішінде оқыту үшін үш айдан астам мерзімге оқу орындарына , сондай-ақ тағлымдамаға жіберілгенде қандай да бір себептермен кетерде ақша аттестаты берілмеген жағдайда қаржы аппараты (бухгалтерия) кеткен адамның жаңа қызмет орнына бұл аттестатты салып жі б е р у г е м і н д е т т і ;

Ескерту: Үш айға дейін оқитын мерзімге ақша аттестаты берілмейді, өйткені қатардағы және басқару құрамындағы адам ақшалай төлеммен қызмет орны б о й ы н ш а қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

ә) орта, аға және жоғары басшы құрамы адамдарын ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарынан Қарулы Күштерге және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ауыстырғанда;

б) ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарында қызметін атқарушы басшы құрамының адамдарды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес

пайдаланатын құқықтар, жеңілдіктер және артықшылықтар іссапардағыларға сақталатын жағдайда Ішкі істер министрлігінің Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің кадрлары қатарында қалдырыла отырып ішкі істер органдары басшы құрамының адамдары басқа министрліктер мен ведомстволарға немесе оларға қарасты мекемелерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға іссапармен жіберілгенде;

в) ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарынан запасқа немесе зейнетақы тағайындай отырып орнынан босатылғанда беріледі. Зейнетақы тағайындалып босатылатындардың қолына ақша аттестаты берілмейді, басқа құжаттармен бірге зейнетақы тағайындау үшін тиісті ішкі істер органына жіберіледі.

Ескерту. 130-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен. P 0 1 1 7 5 5 _

131. Ақша аттестаты ақшалай төлемнің жеке кәртiшкесiне қолхатпен берiледi және тiркеу журналына жазылады, онда: ақша аттестатының нөмірі мен берілген күні; қатардағы және басшы құрамы адамның аты-жөні, атқаратын қызметі және арнаулы әскери атағы;

қатардағы немесе басшы құрамындағы адамның қайда кеткені; ақшалай төлемнің қай уақытқа дейін төленгені, қандай еңбекақыдан және қандай үстемелер төленгені көрсетiледi.

132. Аттестатта есеп айырысу туралы деректер келтірілгенде мынадай көрсеткіштердің толтырылуына ерекше назар аударылады; лауазымдық еңбекақы - штаттық лауазым бойынша еңбекақы, соның ішінде көтеріңкісі;

азық-түлік сыбағасының орнына ақшалай өтем осы адамға төленген жағдайда көрсетiледi. Егер сыбағаны заттай беру (немесе тегін тамақтану түрінде) белгіленсе, "заттай" деп көрсетiледi. Егер бұл адамның заттай сыбаға (немесе тегін тамақтануға) алуға немесе азық-түлік сыбағасының орнына ақшалай өтем алуға құқығы болмаса, аттестатқа міндетті түрде "берілмейді" деп көрсетiледi.

133. Ақша аттестаты айқын толтырылады, оған ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органы басшысының және қаржы аппараты (бухгалтерия) бастығының қолы қойылады және мөр басылады.

Ақша аттестаттарын қарындашпен толтыруға жол берілмейді.

Мөрі жоқ немесе қол қойылмаған, өшірулері немесе ескертілмеген түзетулері бар, сондай-ақ дұрыс толтырылмаған ақша аттестаттарының күші жоқ деп саналады.

Ақша аттестатында есеп айырысу жөніндегі жазбалардың дұрыстығын растайтын аттестат иесінің қолы болуға тиіс.

134. Жаңа қызмет орнына келіп, ақша аттестатын ұсынбағандарға (оны жоғалтып алуы немесе басқа себептермен) жаңа қызмет орны бойынша ақшалай төлем тағайындау туралы бұйрық пен рапорт негізінде төленеді, онда келген адам ақша аттестатын ұсынбау себебін, бұрынғы қызмет орны бойынша алып жүрген ақшалай төлемнің мөлшерін, ақшалай төлеммен қанағаттандырылған мерзімін, одан ұсталғаннан кейінгі тиесілі соманы, сондай-ақ ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органы қарауындағы (резервінде) болған пункттерінде оның алған ақшалай төлемінің сомасын көрсетеді.

Бір мезгілде қаржы аппаратының (бухгалтерияның) бастығы бұл адамдардың бұрынғы қызмет орны бойынша ақша аттестатының көшірмесін сұратады және рапорт пен көшірме деректері сәйкес келмеген жағдайда бұрын берілген ақшалай төлемге қажетті қайта

есептеулер жүргізіледі.

135. Ақша аттестаттарының бланкілерін жер-жерде облыстық ішкі істер басқармаларының, көліктегі ішкі істер басқармасының, Алматы қаласындағы ішкі істер Бас басқармасының, Ленинск қаласындағы ішкі істер басқармасының, оқу орындарының қаржы қызметі орындары әзірлейді.

Қосымша

№ _____ АҚША АТТЕСТАТЫ

(аттестат берген органның атауы)

(арнайы атағы, лауазымы)

(аты-жөні және жеке нөмірі)

мыналарға ие болғанын куәлендіреді:

1. Айына _____ теңге лауазымдық еңбекақысы
 2. Айына _____ теңге азық-түлік сыбағасы орнына үстеме
 3. Айына _____ теңге арнайы атаққа берілетін еңбекақы
 4. _____ % мөлшерінде қызмет өткерген жылдарына төленетін проценттік үстеме
- 199__ жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қызмет өткерген жылдарына 199__ жылғы N _____ бұйрығымен _____ жыл

- _____ ай _____ күн белгіленген
5. Айына _____ теңге кластылығы үшін
 6. Айына _____ теңге кәсіби шеберлігі үшін
 7. _____

Ақшалай төлемнің төмендегі түрлеріне қанағаттанамын

1. Лауазымдық еңбекақы _____ бойынша 199__ жыл
2. Арнайы атаққа берілетін еңбекақы _____ бойынша 199__ жыл
3. Қызмет өткерген жылдарына төленетін проценттік үстеме _____ бойынша 199__ жыл
4. Азық-түлік сыбағасы орнына үстемеақы _____ бойынша 199__ жыл
5. Кластылығы үшін _____ бойынша 199__ жыл
6. Кәсіби шеберлігі үшін _____ бойынша 199__ жыл
7. _____
8. _____ ай
9. Барлық есептеп шығарылғаны _____ бойынша _____

10. _____ қаласынан _____ қаласына дейінгі баратын жолға тәуліктік ақша _____ тәулікке тәулігіне _____ барлығы _____

11. Көтерме жәрдемақы есебінде аванс _____ теңге сомасында

12. Жұмыстан босатылған кезде _____ сомасы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленген

13. 199__ жылғы демалысын _____ барлау арқылы пайдаланды

14. _____ станциясына дейін жол жүруге _____ адамға

N _____ тасымал құжаты берілді. Жүк тасымалдау бөлімшесі арқылы үй жүгін тасымалдауға _____ килограмға құжаты берілді шапшаң/ақырын жылдамдықпен _____

15. _____ теңге сомасы мөлшерінде берешегі (берешектің түрі көрсетілсін)

бар. 19__ жылы _____ өндіріліп алынып, мына мекен-жайға жіберілуі тиіс _____

(кредитті қалпына келтіруге ме немесе мемлекет пайдасына

беріле ме, қайда аударылатыны немесе тапсырылатыны

көрсетілсін)

16. _____

мыналардың резервінде - қарамағында тұр (штаттан тыс)

19 _____ жылдан бастап _____

17. _____

17-бағанда аттестаттың тиісті бағандарында аталмаған ұсталымдар көрсетіледі (алимент бойынша ұстап қалу, отбасына және т.б.)